

«6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған

Тәттімбетова Құралай Өмірланқызының

«Жоғарғы оқу орнындағы Иван Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың теориялық және әдістемелік аясы» атты диссертациясына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақстандық білім беру жүйесін модернизациялау үрдісінде отандық білім беру гуманизациясы ерекше рөлді атқарады. ҚР білімнің гуманистік жән даму сипаты туралы «Білім туралы заңның» 3 тармағында нақты көрсетілген. Білім беруді модернизациялаудың басқа бағыттарының бірі – компетентті мамандарды тәрбиелеу болып табылады. Білім және кәсіпкерлік дағдылар – отандық білім берудің қазіргі жүйесіндегі негізгі бағыттар болып табылатыны «Қазақстан – 2050» Стратегиясында айтылған. Көпұлтты Қазақстанда тілдерді оқытуға, соның ішінде орыс тілін оқытуға аса назар аударылады. «Төртінші өндірістік революция шарттарындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Президенттің Қазақстан халқына жолдауында «Орыс тілін білу маңызды мәселе болып отырғандығы» тағы да айтылып кетті.

Мемлекеттік құжаттарда көрініс тапқан, жоғарыда айтылып кеткен негізгі қағидалар қазақстандық білім беру жүйесі үшін бірінші кезектегі маңызды мәселе ретінде көрініп отыр. Мемлекеттік стандарттарда, типтік оқу бағдарламалары мен жоспарларда, кітаптарда аталған қағидалар өзінің тәжірибелік бейнесін тауып отыр. Сонымен, қазақстандық әдеби білім беру жоғарғы сыныптарда «Орыс әдебиетін» оқытудың мақсаты етіп, адам бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыруды, өзін-өзі дамытып, жетілдіруге дайын, шығрманың рухани-эстетикалық және әлеуметтік-тарихи жағдайларын ескере отырып, мағыналық-көркемдік мазмұнын талдап, сыни тұрғыда ойлай алатын, компетентті оқырманды қалыптастыруды анықтайды. Бұл мақсат жалпыға орта білім беру деңгейіндегі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарға арналған «Орыс әдебиеті» пәнінің Оқу бағдарламасында көрініс тапқан.

Орыс тілін жетік меңгеру үшін орыстың көркем әдебиетін білумен түсіндіріледі, себебі, тіл талантты орыс жазушыларының күшімен дамиды, соның ішінде И.П. Щеголихин де бар.

Аталған диссертация И.П. Щеголихин прозасының талдау жүйесі және оны жоғарғы оқу орнында оқыту жолы көрсетілген толыққанды зерттеу болып табылады.

Диссертация, еңбектері Алматы мен Мәскеу қалаларында жарық көрген, еуропалық тілдерге аударылып және өзінің ауқымды оқырман аудиториясы

бар Қазақстанның ірі прозаик-жазушысы прозасының поэтикасын әдістемелік тұрғыдан зерттеуге арналған. И.П. Щеголихин прозасы автор тағдыры мен кейіпкерлер тағдырының сәйкестігімен, шығармашылық тұлғасының көпсалалығымен зерттеушілер назарын аудартады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі И.Щеголихиннің көркем мұрасын XX және XXI ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы әдеби үрдістің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру болып табылады. Қазіргі әдебиеттану ғылымында өзекті болып табылатын жанрлық-стильдік ерекшеліктер мәселесі Қазақстанның орыс прозасы үлгісінде отандық әдебиеттануда ауқымды аспектіде және баяндау жанрларының даму аясында, тақырыптық мәселе диапазонның кеңейіуі, авторлық бастамалардың күшейуі жеке жазушы шығармашылығы шеңберінде қарастырылмаған. Бұл салада іргелі, монографиялық зерттеулер жоқтың қасы. Роман және повестердің жанрлық-стильдік ерекшелігі зерттеушілер мен әдеби сыншылардың назарынан тыс қалып отыр.

Тарихи-әдеби зерттеу аясының күрделенуі жанрлық теориялардың күрделенуіне әкеліп соғады, олардың авторлары жанрды әдебиетте қалыптасқан жағдай нәтижесі деп, немесе жанр, әрдайым өзгеріске түсіп тұратын жүйені қалыптастырады деп есептейді. Жанрларды синхронды және диахронды талдау арасындағы сәйкестік қатынас мәселесі өзекті болып қала береді.

Біз, жанрды, жанрқұрушы белгілері бар көпфакторлы құрылым деген пікірден шығамыз, ол белгілер: коммуникативті мақсат, сөйлеу ұатарының көлемі, бағытталу сипаты, тақырыптық мазмұны, бағалау көзқарасы, композициялық стандарт, стилистикалық рәсімдеу. Көркем әдебиет стилінің ерекшелігі сюжеттің динамикасында, композиция элементтерінде, психологиялық талдаудың белгілі бір түрлерін таңдағанда, көркем-бейнелеу құралдар жүйесінде, тілде, шығарманың интонациялық құрылымында және т.б. көрініс табады.

Біз таңдаған зерттеу әдісі көркем мәтіннің жанрлық-стильдік ерекшеліктерінің жаңа аспектілерін ашады, сонымен қатар, еліміздің тарихы мен қазіргі шындығы бейнеленген И. Щеголихин шығармаларының жанрлық-стильдік құрылымының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Түптеп келгенде, сөз шеберінің шынайы өмір құбылыстарын қабылдау ерекшелігі жазушының жеке стилін көрсетеді.

Қазақтың жазушылар мен сыншылары, Қазақстанның орыс жазушысының интернационалды танымы мен жазушылық шеберлігін бір ауыздан атап өтеді, оның шығармаларын қазақ тіліне аудару қажеттігіне аса назар аударады, себебі И. Щеголихин М. Ауэзовтің, С. Сейфуллиннің, С. Мукановтың, Г. Мустафиннің, Х. Есенжановтың, Б. Сокпакбаевтың, М. Габдуллиннің шығармаларын орыс тіліне аударған.

Оқырмансыз әдеби шығарманың өмір сүруі мүмкін емес. Қазіргі қабылдау феноменологиясы антропологиялық төңкерістің ролін ғана емес, сонымен қатар, оқырман атты субъектілік фактор ролін де өзекті етіп отыр. Өнер туындылары оқудың шексіз мүмкіндіктер қатарын ұсынады. И.

Щеголихиннің шығармашылық мұрасын насихаттау арқасында, қазақстандық оқырмандарға отандық шынайылықты махаббатпен қайта жаңғыртқан жазушының әлемдік көзқарасын түсінуге мүмкіндік беру керек.

И.П. Щеголихиннің шығармашылық мұрасының әдістеме ғылымында мүлде зерттелмегендігі маңызды мәселе болып отыр. И.П. Щеголихин прозасының поэтикасын талдауды үйрететін амалдар мен негізделген және тексерілген әдістемелік жолдар, студенттердің әдеби тұрғыдан интенсивті дамуына мүмкіндік беріп, көпұлтты Қазақстанның қазіргі әдебиеті туралы көзқарастары мен білімдерін кеңейтуге негіз болар еді. Қазақстанның басқа орыс жазушыларының және И. Щеголихин шығармаларында көрініс тапқан әдеби білім мен әдебиетті оқыту әдістемесі өзінің қазақстандық нақтылығына ие болуы керек. Орыс әдебиеті мен орыс әдебиетін оқыту әдістемесі сабақтарында Қазақстанның сан алуан шынайылығын көрсету, білім алушылардың біздің мемлекетке және оның халқына деген тірі қызығушылығын арттыру үшін қажет. Аталған жағдайлар зерттеу тақырыбының өзектілігіне қосымша екпін түсіріп отыр.

Мемлекеттік қайраткер, «Парасат» орденінің кавалері, Қазақстанның халық жазушысының шығармаларын жоғарғы оқу орындарында оқыту, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев жариялаған жастар тәрбиесіндегі патриоттық және адамгершілік тұрғысынан басым болып табылатын «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өзекті болып табылады. И. Щеголихин бізге «өзінің әдеби мұрасын, қазақ әдебиеті классиктерінің кәсіби аудармаларын қалдырды. Қазақстан Республикасының Президенті жолдаған жеделхатта былай деп жазылған – «Мен оның бейнесінде өз елінің нағыз патриотын көрдім, елдің қоғамдық және саяси іс-шараларына белсене ат салысатын, өзінің жарқын сөздерімен, өзекті тақырыптарды қамтитын мақалаларымен Қазақстанның ұлтаралық келісімдері мен бейбітшілігінің нығаюына ат салысты. Ол адал және ұстанымына берік сұхбаттасушы болған, оның пікірін әрқашан бағалайтынмын...» (Ақорда, 13 желтоқсан 2010).

Жұмыстың мақсаты – жоғарғы оқу орнында И.П. Щеголихин прозасы поэтикасын талдаудың әдістемелік және әдебиеттанушылық аспектілерін қалыптастыру.

Аспект (лат. тілінен *aspectus* – көзқарас) – көзқарас, белгілі бір жазушының шығармашылығының қарастырылатын аясы. Аталған жұмыста И.П. Щеголихиннің әдеби мұрасы әдебиеттанушылық және әдістемелік оқытудың нысанына айналады. Әдебиеттанушылық аспект әдеби шығармаларды теориялық тұрғыдан қарастыруды көрсетсе, ал әдістемелік аспект жазушы шығармашылығын тәжірибелік (дидактикалық) тұрғыдан зерттеу болып табылады.

Зерттеу барысында келесі **гипотеза** қарастырылып, ұсынылды – жоғарғы оқу орнында И.П. Щеголихин прозасы поэтикасының әдебиеттанушылық және әдістемелік талдау аспектілері сәтті жүзеге асырылады, егер:

– студенттердің бойында жазушы шығармашылығына деген толыққанды әдебиеттанушылық көзқарасты қалыптастыру үшін И.П. Щеголихин прозасын поэтикасын оның жанрлық-стилдік өзгешелігін талдау негізінде зерттеу қажет;

– жоғарғы оқу орнында жазушы шығармашылығын игерудің әдістемелік жүйесін жасауға берік негіз болу үшін, И.П. Щеголихин шығармашылығына деген толыққанды әдебиеттанушылық көзқарасты студенттердің бойында қалыптастыру қажет;

– Болашақ орыс әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби компетенциаларының сәтті дамуына мүмкіндік беретін, студенттердің бойында жазушының көркем шығармаларының поэтикасы туралы терең көзқарастар қалыптастыруға, оларды талдай алуға, сонымен қатар, прозаик шығармашылығының материалдары негізінде әдістемелік талдау жасауға қажетті, И. Щеголихин прозасын оқытудың әдістемелік жүйесін жасау керек.

Жұмыстың мақсаты мен гипотезасына сәйкес, келесі **міндеттер** қойылған:

– қазіргі әдебиеттану ғылымы тұрғысынан зерттеліп отырған прозаның жанрлық-стилдік өзгешелік аясында поэтиканың негізгі нышандары болып табылатын «жанр» және «стиль» ұғымдарының мазмұнын анықтау;

– автор бейнесі және дәір стилі деңгейінде И.П. Щеголихиннің ішкі сырын ақтару прозасының ерекшелігі мен даму кезеңдерін қарастыру;

– шығыс және батыс мәдениеті диалогының контекстінде рухани келісімнің көрінісі ретіндегі еуразиялық сарындар мен жанрлардың ішкі даму ерекшелігін анықтау; көркем мәтіннің жанрлық-стилдік ұйымдасуындағы интертекстуалдық элементтердің қызметі мен стилдік өзгешелігін талдау;

– И.П. Щеголихин прозасының жанрлық-стилдік және поэтикалық өзгешелігінің сараптамасын әдістемелік және психолого-педагогикалық мәселе ретінде жүзеге асыру;

– И.П. Щеголихин прозасын жоғарғы оқу орнында оқытудың әдістемелік жүйесін жасау және апробациялау.

Зерттеу объектісі – жанр, стиль және поэтиканың теориялық категориясы, орыс әдебиетін оқыту әдістемесінің мәселелері.

Зерттеу пәні – поэтиканың негізгі құраушылары, дәлірек айтқанда, И.П. Щеголихин прозасының жанрлық-стилдік өзгешелігі және оны жоғарғы оқу орындарында әдістемелік тұрғыдан игеру жолдары.

Зерттеудің теориялық негізі пәнаралық сипатқа ие бола отырып психологияның, педагогиканың, философияның, әдебиетті оқыту әдістемесінің, лингвистиканың, әдебиеттанудың жетістіктеріне негізделген.

Жүргізілген зерттеу жұмысының теориялық негізін И.В. Арнольд, Р. Барт, В.В. Бартольд, А.А.Потебня, М.М. Бахтин, М.П. Брандес, В.В. Виноградов, Г.В. Денисова, Н.И. Конрад, Ю.М. Лотман, Г.Н. Пospelов, М.Б. Храпченко, В.Е. Хализев, М. Мамардашвили, В.И. Тюпа, Н.А. Кузьмин, А.Н. Николина, Н. Пьеге-Гро, О. Уоррен, Н.А. Фатеева, Ж-М. Шеффер, Р. Уэллек сынды әдебиеттанушылар, лингвисттер мен философтардың, сонымен қатар қазақстандық ғалымдар: В.В. Бадиков, С.Д. Абишева, С.В. Ананьева, К.С.

Бузаубагарова, Б.У. Джолдасбекова, Н.О. Джуанышбеков, Г.Ш. Елеукенов, А.Ж. Жаксылыков, Л.К. Жаналина, Ж. Ибраева, К. Кешин, И.Т. Какильбаева, У. Калижанов, П. Косенко, Р.Н. Нургалиев, А.Л. Маловичко, Б.Б. Мамраев, Б.К. Майтанов, С. Назарова, З.Н. Поляк, Н.С. Ровенский, Н.Ж. Сагандыкова, В.В. Савельева, З.К. Сабитова, Н.К. Сарсекеева, Л.В. Сафронова, А.Б. Темирболат және т.б. еңбектері құрады.

Сонымен қатар, аталған жұмыстың теориялық негізін Ф.И. Буслаев, В.И. Водовозов, В.В. Голубков, Л.Г. Жабицкая, Г.Н. Ионин, Н.О. Корст, Н.И. Кудряшев, С.П. Лавлинский, В.Г. Маранцман, Н.Д. Молдавская, О.И. Никифорова, В.А. Никольский, В.П. Острогорский, М.А. Рыбникова, В.Я. Стоюнин, И.В. Сосновская сынды әдіскерлер мен әдебиетті оқыту әдістемесі классиктерінің ойлары мен жұмыстары, психология және педагогика ғылымдарының өкілдері С.И. Архангельский, В.П. Беспалько, В.В. Давыдов, П.Я. Гальперин, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Г.К. Селевко, В.В. Сериков, Д.Н. Узнадзе, В.А. Хуторской және басқалардың, сонымен қатар қазақстандық ғалымдар А.Е. Абылкасымова, Г.К. Ахметова, Б.А. Жетписбаева, Т.К. Жумажанова, Г.Ж. Менлибекова, А.К. Мынбаева, Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Хан және т.б. жұмыстары құрады.

Диссертациялық жұмыстың **ғылыми жаңалығы** И. Щеголихин шығармашылығының жанрлық-стилдік өзгешелігін қазіргі әдебиеттану ғылымының жетістіктері мен Қазақстанның орыс прозасындағы баяндау жанрларының эволюциясы контекстінде қарастырған алғашқы зерттеу жұмысы болғандығы. Екі мәдениет контекстіндегі рухани келісімнің көрінісі ретіндегі еуразиялық сюжеттер мен сарындар қарастырылған, әр түрлі жанр шығармаларындағы интертекстуалды элементтердің қызметі талданды. И.П. Щеголихиннің баяндау прозасындағы жанрлық-стилдік өзгешеліктің көрінуі мен әдеби жанрлар дамуы арасындағы терең байланыстарды анықтау амалдары жасалып.

Сонымен қатар, аталған жұмыста, алғашқы рет И. Щеголихин прозасының поэтикасын жоғарғы оқу орнында оқытудың амалдары мен әдістемелік негіздері жасалып, жазушы шығармаларын талдау үрдісіндегі студенттердің әдістемелік және әдебиеттанушылық компетенциялары дамуының толыққанды жүйесі ұсынылған.

Зерттеу әдістері – тарихи-әдеби, құрылымдық-семантикалық, рецептивті эстетика және коммуникативті поэтикасы әдісі, лингвокультурологиялық, ғылыми жұмыстарды талдау, мектеп пен жоғарғы оқу орнындағы педагогикалық үрдісті бақылау, студенттердің ауызша және жазбаша жауаптарын талдау, эксперименттік тексеру әдісі (тексеру, оқыту және қорытынды эксперимент).

Мәселенің зерттелу деңгейі. Көркем проза поэтикасын зерттеудің әр түрлі жолдары бар. Аталған жұмыста И. Щеголихин прозасының ерекше жарқын көрінге доминанты ретінде жанрлық және стилдік ерекшеліктерін зерттеуді дұрыс деп шештік. И. Щеголихин шығармаларының жанрлық-стилдік өзгешелігін зерттеуде жұмысымыздың негізін француз әдебиеттанушысы Жан-Мари Шеффердің қалыптастырған жалпығылыми

идеялардың бірі құрады, оның ойынша, жанр «сапасын анықтауды» мәтіннен емес, автор мен оқырман қарым-қатынасынан іздеу керек, себебі жанрлар туу динамикасына ие болмайды, олар тек қалыптасқан әдеби жағдайдың нәтижесі.

Әдебиеттанушылық білімнің айтарлықтай күрделі мәселесін – шығарманың жанрлық-стильдік өзгешелігінің дамуы мен қалыптасуындағы жанр мен стильдің ролін түсінуді және түсіндіруді М.М. Бахтин зерттеді.

Отандық әдебиеттану ғылымында әдеби жанрлар эволюциясы туралы ойды С.В. Ананьева айтады. Зерттеуші, Қазақстанның орыс әдебиетінде Дм. Снегин, И. Щеголихин, Г. Бельгер және басқа жазушылар шығармашылығында баяндау жанрларының эволюциясы бақыланатыны айтып өтеді.

Аталған жазушының шығармашылығын оқытудың тағы бір амалын, яғни, прозалық мәтіннің кешенді талдауын бірнеше кезеңге бөліп жүгізу керектігін Н.А. Николина өзінің «Мәтінді филологиялық тұрғыдан талдау» еңбегінде көрсеткен. Автордың ойынша, кешенді талдау – бұл мәтіннің композициялық-сөйлеу құрылымын, уақыт пен кеңістіктің ұйымдасуы мен мәтін ішіндегі байланыстарды зерттеуден тұратын талдаудың жинақталған түрі. Мұндай талдаудың мақсаты – көркем шығарма идеясының ерекшелігі оның образдар жүйесінде, мәтін құраушы компоненттерінде қалай көрініс табатынын көрсету.

И.П. Щеголихин прозасын талдаудың басқа амалы, шығарманың көркемдік әлемін қатыратын автор категориясын зерттеу болып табылады. Автор бейнесі туралы дәстүрлі көзқарасты негізге ала отырып, біз оның көркем сөйлеу шығармашылық жүйесі мен стильдеріне байланысты шығарма ішіндегі формалар мен түрлердің саналуандығы мен өзгергіштігі туралы ережеден тұратын В.В. Винградов берген анықтаманы ұстанамыз.

Автор категориясы шығарма стилінде көрінеді. Көркем шығарманың стилін түсінуде, біз В.В. Виноградов, М.П. Брандес, американдық зерттеушілер Р. Уэллек пен О. Уорреннің берген анықтамаларын ұстанып, көркем мәтінге композициялық-стильдік талдау жүргізуде Л.Г. Кайданың зерттеулеріне сүйенеміз.

Біз зерттеп отырған мәселенің айтарлықтай ұзақ және мазмұнды тарихына қарамастан, И. Щеголихин прозасының поэтикасын, оның жанрлық-стильдік өзгешелігін оқыту, бүгінгі күнге дейін аздаған жұмыстардың қарастыру нысаны болып отыр.

Сонымен, И. Щеголихин шығармашылығын аталған бағытта дәйекті түрде зерттеу, авторлық таным эволюциясымен тікелей байланысты, оның шығармаларының жанрлық-стильдік өзгешелігін анықтауға мүмкіндік береді.

И. Щеголихин шығармашылығы әдістеме ғылымында әлі жарық көрмеді. Әдістемелік еңбектерде И. Щеголихин шығармаларын талдау тәсілдері мен жолдары, амалдары мүлде әзірленбеген. Қазақстандық жазушының прозасын оқытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу жоғарғы оқу орнындағы талдауды үйрету тәжірибесінің дамуына салмақты үлес қосуға мүмкіндік береді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазіргі филология ғылымында көркем шығарма поэтикасының өзгешелігі жазушы шығармашылығындағы жанр мен стиль түсінігін теориялық тұрғыда меңгеру және стилдің жазушының дүниетанымы мен шығармашылық әдістерімен органикалық байланысы негізінде анықталады. И. Щеголихин прозасындағы жанрлардың ішкі даму ерекшелігі тарихи кезеңдердің ауысу контекстінде жазушы көзқарастарының дамуына негізделген және дәуір стилі мен автор бейнесі қатынасында, авторлық ұстанымын ашық көрсету формасы аясында зерттеледі.

2. И. Щеголихиннің философиялық және эстетикалық тұжырымдамасындағы өткен өмірдің қазіргі уақытпен қатынасы «Не жалею, не зову, не плачу...» атты автобиографиялық роман-эссесінде, «Любовь к дальнему», «Хочу вечности» повесттерінде көрініс тапқан. «Не жалею, не зову, не плачу...» романы автордың естеліктері басым (ретроспективтілік, көпжоспарлылық, ашық авторлық ұстаным, құжатталған «дәуір бейнесі») метажанр поэтикасына тартылғандығын көрсетеді.

3. И. Щеголихин шығармашылығында, шығыс және батыс мәдениетінің синтезі ретінде автордың концептуалды әлем бейнесі мен авторлық мәтіннің терең мағынасын ашуға мүмкіндік беретін, поэтиканың жарқын белгілері ретінде, евразиялық сарындар ерекше рөл атқарады. И. Щеголихиннің көркем шығармаларының мәтіндері, жанрлық өзгешелік аясында, айқын және жасырын цитаталарға, сан алуан әдеби реминисценцияларға, мәтін ішіндегі байланыстарға толы.

4. Жоғарғы оқу орындарының оқу үрдісіне әдеби білімнің қазақстандық компонентін, әсіресе И. Щеголихин шығармашылығын еңгізу, жоғарғы оқу орындарының аудиториясында аталған жазушының көркем шығармаларын оқыту мен талдаудың әдістемелік жүйесін әзірлеумен қатар болашақ әдебиет пәні мұғалімдерінің кәсіби дайындығы үшін аса маңызды. Жоғарғы оқу орнында И. Щеголихин прозасын талдаудың әдістемелік жүйесін әзірлеу, дамыта оқыту мен тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамаларына негізделуі қажет. Болашақ тіл мұғалімдерінің әдебиеттанушылық және әдістемелік компетенцияларының сәтті дамуы үшін, студенттердің белсенді таным субъектісі ретінде қалыптасуына қажетті, дидактикалық эвристиканың дереккөздерін, оқу үрдісін қалыптастыруға қажетті технологиялық тәсілдер идеяларын белсенді түрде қолдану керек.

5. Біздің берілген зерттеу тақырыбының контекстінде, И. Щеголихин прозасын оқыту үрдісінде студенттердің кәсіби тұрғыдан ары қарай дамуына мүмкіндік беретін негізгі әдебиеттанушылық және әдістемелік компетенцияларды анықтау маңызды болып табылады. Олар: жазушының шығармашылық жолы мен биографиясын білу; әдеби шығарманың күрделі мәселесін тұжырымдай білу; оның идеясын тұжырымдай білу; жазушының шығармашылық әдісін анықтай алу; шығарманың жанрын анықтай алу; шығарма поэтикасының шегін сипаттай алу; мектепте эпикалық шығарманы талдау амалдары мен әдістемелік формаларын әзірлей алу.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы. Диссертациялық жұмыс қазіргі әдебиеттану ғылымының перспективті бағытының шеңберінде жүзеге асырылған, оның практикалық тұрғыдан маңыздылығы Қазақстанның орыс прозасының жанрлық-стилдік өзгешелігі мәселесін шешумен, И. Щеголихиннің баяндау қағидалары мен амалдарын қарастырумен анықталады.

Әдебиеттанушылық және әдістемелік талдау негізінде әдеби шығарманың поэтикасын оқыту зерттеудің әдіснамалық бағыты болып табылады, оның нәтижелері жанрық-стилдік өзгешелік аясында көркем мәтіннің тәжірибесі мен теориясын оқытушы мамандардың, жоғарғы оқу орындарында және мектептерде эпикалық шығармаларды талдаудың оқыту амалдары мен жолдарын дайындайтын әдіскерлердің қызығушылығына ие болады.

Жұмыстың қорытындылары мен нәтижелері Қазақстанның орыс әдебиеті бойынша арнайы курстардың дәрістерінде, көркем мәтін поэтикасы бойынша арнайы курстар мен жоғарғы оқу орындарындағы Қазақстанның орыс жазушыларының шығармашылығын оқыту бойынша арнайы курстарда көрініс табады. Жұмыстың қолданбалы мағынасы, сонымен қатар, ұлттың-мәдени танымын қалыптастыруда, қазіргі жағдайдағы *ұлттық тұтастық* түсінігін нақтылауда болып табылады.

Зерттеу өзара байланысқан үш кезеңде жүргізілді. Алдын-ала кезең (қыркүйек 2014 – мамыр 2015 ж.) зерттеу пәнін, жоғарғы оқу орнында И. Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың әдіснамалық, мәдениеттанушылық, әдебиеттанушылық, әдістемелік және психолого-педагогикалық негіздерін анықтаумен байланысты болды. Аталған кезеңде, сонымен қатар, зерттеу тақырыбы бойынша материал жүйеленді және сарапталды, жоғарғы оқу орнында И. Щеголихин шығармашылығының оқытылу жағдайы қарастырылды.

Негізгі кезең (қыркүйек 2015 – мамыр 2016 ж.) айғақтайтын және қалыптастыратын эксперименттерді жүргізуден, жоғарғы оқу орнында И. Щеголихин прозасының поэтикасын талдау үшін жасалған әдістің апробациясын жасаудан және негізгі теориялық, әдістемелік ережелер мен ұстанымдарды анықтаудан тұрды.

Соңғы кезеңде (қыркүйек 2016 – мамыр 2017 ж.) статистикалық өңдеудің нәтижелері мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындылары жинақталды, аталған зерттеу қорытындылары қалыптастырылды, жоғарғы оқу орындарындағы И. Щеголихин прозасының поэтикасын талдаудың әдістемелік жүйесін ендіру бойынша ұсыныстар жасалды.

Кафедраның ғылыми жұмыс жоспарымен байланысы

Диссертация ҚР ҒЖБМ «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан әдебиетіндегі тұлғаның зияткерлік-инновациялық потенциалының парадигмасы» (2012–2014) және «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстанның ұлттық идеясын қалыптастыру үрдісіндегі Ұлт көшбасшысының гуманитарлық дискурсының ролі» (2015 – 2017) жобалары аясында орындалды.

Ғылыми жұмыстың апробациясы.

Зерттеу нәтижелері мен негізгі қағидалары халықаралық конференцияларда баяндалды және талқыланды:

1 «Интеграциялы білім бағдарламасы контекстіндегі қазіргі филологияның қолданбалы аспектілері» VII Бағызбаева оқулары. – Алматы, 2015.

2 «Жалпы ғылыми парадигма контекстіндегі қазіргі филологияның өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми конференция. VIII Бағызбаева оқулары. – Алматы, 2016.

3 «Қазіргі филологияның өзекті мәселелері: теориялық және қолданбалы аялар» атты Халықаралық ғылыми конференция. IX Бағызбаева оқулары. – Алматы, 2017.

4 «Әлемдік ғылымның дамуының өзекті мәселелері» атты III Халықаралық конференция. – Киев (Украина), 2017.

5 «Басымдық ғылыми бағыттар: теориядан практикаға» атты XXX VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Новосибирск (Ресей), 2017.

6 «М.О. Әуезов және ұлттық рухани жаңғыру» М.О. Әуезовтың туғанына 120 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми симпозиум. – Алматы, 2018.

Сонымен қатар, аталған жұмыс материалдарының апробациясы автордың тәжірибелі-эксперименттік оқытуды жүргізу, «И.П. Щеголихин шығармаларын оқу және түсіндіру» атты элективті пәнді оқыту барысында жүзеге асырылды.

Жарияланымдар. Диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындылары 18 баспа жұмыстарында жарияланған, оның ішінде 1 мақала SCOPUS санатына енген халықаралық журналында; 8 мақала ҚР ҒЖБМ ғылым және білім беру саласын қадағалау комитеті ұсынған республикалық ғылыми журналдарда; 7 мақала халықаралық дәрежедегі конференция материалдарында, 1 мақала РУДН Хабаршысында жарыққа шығарылды (РИНЦ); 1 оқу-әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсыныстар.

Диссертация құрылымы зерттеу логикасына негізделген. Диссертация кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, 188 атауды құрайтын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың көлемі – 193 бет (қосымшаларды қосқанда – 18 бет).